

## 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 17/2-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 10 қаңтарда N 5-10-92 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 287/4-15 хаты

**Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.12.31 № 287/4-15 хаты.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 73, 75-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, «2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/222-IV (2009 жылғы 25 желтоқсандағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 2521 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет 1 қосымшаға сәйкес, мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) бюджеттік кірістер – 2 942 911 мың теңге, соның ішінде:
  - салықтық түсімдер бойынша - 717864 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер бойынша - 1625 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 19 757 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері бойынша – 2 203 665 мың теңге;
  - субвенция - 1775016,0 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері - 428 649,0 мың теңге;
- 2) бюджеттің шығындары – 2 944 489,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беруге оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттерге - 9260 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу - 222 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алуға - 5000 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профицит) – 6578,9 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – -6578,9  
м ы ң т е ң г е .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Жарма аудандық мәслихатының 2010.10.29 № 24/192-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

2. Аудан бюджетіне 2010 жылға арналған әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы бойынша 100 пайыз кірістерді бөлу нормативтері белгіленсін.

3. Аудандық қазынашылық басқармасы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап, тиісті бюджеттерге кірістер сомасын есепке алуды белгіленген нормативтер б о й ы н ш а ж ү р г і з с і н .

4. «2008-2010 жылдарға арналған облыстық бюджет пен облыстың қалалары мен аудандарының бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты сессиясының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/222-IV «2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімімен бекітілген жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қарастырылған әлеуметтік салық және жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруі есебімен бюджет саласындағы еңбек ақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты 2010 жылға арналған аудандық бюджеттен жалпы сомасы 78821 мың теңгеге трансферттердің жоғары тұрған бюджетте қ а й т а р ы л у ы к ө з д е л с і н .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Жарма аудандық мәслихатының 2010.04.14 № 21/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

5. 2010 жылға арналған облыстық бюджеттен түсетін бюджеттік субвенция көлемі 1775016 мың теңге сомасында белгіленсін.

5-1. Аудандық бюджетке республикалық бюджеттен берілетін мына көлемдердегі ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

1421 мың теңге – жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін к ү т і п - ұ с т а у ғ а ;

4627 мың теңге – «Өзін-өзі тану» пәнін енгізу үшін, соның ішінде: мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге;

13300 мың теңге – ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 6000 мың теңге, 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 7300 мың теңге ж ә р д е м а қ ы т ө л е у г е ;

10576 мың теңге – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы

Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге, сонымен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдері, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер;

10005 мың теңге және жол жүруін қамтамасыз етуге; оның ішінде – біржолғы материалдық көмек төлеуге;

79 мың теңге – жол жүруді қамтамасыз етуге;

20869 мың теңге – ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға;

52117 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

38544 мың теңге – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, соның ішінде :

16388 мың теңге – негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;

22164 мың теңге – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға ;

3429,3 мың теңге – ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін.

**Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.01.19 № 18/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) шешімімен; 5-1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Жарма аудандық мәслихатының 2010.04.14 № 21/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.27 № 23/181-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.29 № 24/192-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.13 № 25/197-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

5-2. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттен берілетін кредиттер көзделгені ескерілсін;  
9260 мың теңге – ауылдық елді мекендер сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін аудан бюджетіне берілетін бюджеттік кредиттер берілсін.

**Ескерту. Шешім 5-2 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.01.19 № 18/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

5-3. 2010 жылға арналған аудандық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру аясында жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудан бюджетіне мынадай іс-шараларды қаржыландыруға ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

53045 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;  
13127 мың теңге – мәдениет объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге;  
64032 мың теңге - аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және күтіп-ұстауға;  
62259 мың теңге - кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, соның ішінде:  
30681 мың теңге – мәдениет объектілерін ағымды жөндеуге;  
31578 мың теңге – ауылдық елді мекендерді жайластыруға.

**Ескерту. Шешім 5-3 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.01.19 № 18/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - 2010.07.27 № 23/181-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5-4. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге 7800 мың теңге көлеміндегі ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

**Ескерту. Шешім 5-4 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.01.19 № 18/2-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

5-5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырмасын іске асыруға республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер 40691 мың теңге көлемінде көзделсін.

**Ескерту. Шешім 5-5 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.04.14 № 21/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5-6. Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған

бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 12085 мың теңге көлемінде қайтарылсын.

**Ескерту. Шешім 5-6 тармақпен толықтырылды - Жарма аудандық мәслихатының 2010.05.21 № 22/174-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабы 2, 3-тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет салалары қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары жиырма бес пайызға көбейтіліп белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет лауазымдарының тізбесі 2008 жылғы 10 сәуірдегі № 117 Жарма ауданы әкімдігінің қаулысына сәйкес белгіленсін.

7. Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет салалары қызметкерлеріне отын сатып алу үшін 5000 теңгеден қарастырылсын.

8. Аудандық жергілікті атқарушы органының 2010 жылға арналған резерві 14480 мың теңге сомасында бекітілсін.

9. 4-қосымшаға сәйкес, 2010 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

10. 5-қосымшаға сәйкес, 2010 жылға арналған аудандық бюджетті дамытудың бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

11. 6-қосымшаға сәйкес, 2010 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекке 43361 мың теңге сомасында трансферттер көзделсін.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - Жарма аудандық мәслихатының 2010.04.14 № 21/2-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.27 № 23/181-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

12. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Өзбеков*

*Мәслихатының хатшысы*

*Жарма*

*аудандық*

*Д. Садыков*

**2010 жылға арналған аудандық бюджет**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Жарма аудандық мәслихатының 2010.12.13 № 25/197-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Санаты				С о м а (мың теңг)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Ерекшелігі				
Атауы				
			КІРІСТЕР	2942911
1			Салықтық түсімдер	717864
	01		Табыс салығы	280107
		2	Жеке табыс салығы	280107
		01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	247997
		02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	16326
		03	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы	1300
		04	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	14484
	03		Әлеуметтік салық	232375
		01	Әлеуметтік салық	232375
		01	Әлеуметтік салық	232375
	04		Меншікке салынатын салықтар	172853
		1	Мүлікке салынатын салықтар	117077
		01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	115200
		02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	1877
		3	Жер салығы	24476
		02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	3358
		03		3744

			Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерге салынатын жер салығы	
		07	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	14
		08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	17360
	4		Көлік құралдарына салынатын салық	28700
		01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	4200
		02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	24500
	5		Бірыңғай жер салығы	2600
		01	Бірыңғай жер салығы	2600
05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	29486
	2		Акциздер	2520
		90	Өндірушілер өзі өндіріп, көтерме саудада сататын бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)	
		91	Өндірушілер өзі өндіріп, көтерме саудада сататын дизель отыны	
		92	Өндірушілер бөлшек саудада өткізетін өз өндірісінің (авиациялықты қоспағанда), сондай-ақ өзінің өндірістің мұқтаждарына пайдаланатын бензин	
		96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	2120
		97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	400
	3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	23356
		15	Жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем	23356
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3303
		01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	264
		02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым	1107
		03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	86

		05	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемеңі немесе жасалып жатқан кемеңі ипотекасы үшін алынатын алым	236
		14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	318
		18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	1112
		20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	180
	5		Ойын бизнесіне салық	307
		02	Тіркелген салық	307
07			Басқа да салықтар	0
	1		Басқа да салықтар	0
		10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	0
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3043
		1	Мемлекеттік баж	3043
		02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан , ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	926
		04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	1550
		05	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	50
		06	Шетелдіктердің төлқұжаттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін мемлекеттік баж	



		07	Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	0
		08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін мемлекеттік баж	350
		09	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін мемлекеттік баж	
		10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 705 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	11
		12	Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	42
		21	Тракторшы-машинисттің куәлігі берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	114
2			Салықтық емес түсімдер	1625
	01		Мемлекет меншіктен түсетін кірістер	1212
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	2
		02	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	2
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	0
		02	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1210
		04	Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	1210
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	0
		02		0

			Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер	
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері	0
		02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акшаның түсімі	0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	0
		05	Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	413
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	413
		05	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімі	
		07	Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы	0
		09	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	413
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	19757
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0

		02	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер	
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	19757
	1		Жерді сату	19757
		01	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	19757
4			Трансферттердің түсімдері	2203665
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2203665
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2203665
		01	Ағымдағы нысаналы трансферттер	428649
		02	Нысаналы даму трансферттері	
		03	Субвенциялар	1775016
Функционалдық топ				С о м а (мың теңге)
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі				
Бағдарлама				
Кіші бағдарлама				
Атауы				
			II. Шығындар	2944547,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	295409
	01		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	270669
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	12006
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11886
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	120
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	69546
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63959
		002	Ақпараттық жүйелер құру	4772
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	815
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	189117

		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	182813
		023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	6304
02			Қаржылық қызмет	11493
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	11493
		001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10534
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	200
		004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	623
		019	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	136
05			Жоспарлау және статистикалық қызмет	13247
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	13247
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және аудандық (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12947
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	300
02			Қорғаныс	15868
	01		Әскери мұқтаждар	6452
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6452
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6452
02			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	9416
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9416
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	6266

		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3150
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	365
	01		Құқық қорғау қызметі	365
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	365
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	365
04			Білім беру	1689900
	01		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	90750
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) білім беру бөлімі	90750
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	90750
	02		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1488018
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) білім беру бөлімі	1488018
		003	Жалпы білім беру	1456412
		006	Балаларға қосымша білім беру	31606
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	0
	09		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	111132
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	108811
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7131
		013	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	78
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	2757
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	14627
		007		2800

				Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	
			011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	81418
			027	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	53045
			028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	28373
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2321
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2321
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	2321
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	255035
	02			Әлеуметтік көмек	233345
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	233345
			002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	49962
			100	Қоғамдық жұмыстар	32362
			101	Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау	6919
			102	Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар	2881
			103	Республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейту	7800
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға	8270

				Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	
		005		Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	19174
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	6000
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	13174
		006		Тұрғын үй көмегі	4000
		007		Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	69094
		010		Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4905
		014		Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	19097
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	19097
		016		18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	43459
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	7300
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	36159
		017		Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметін көрсетуі	2000
		019		Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жол жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	79
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	79
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
				Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында	

		020	әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе " Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	13305
			011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	10005
			015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	3300
09			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	21690
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	21690
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19364
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2326
		022	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	63172
	01		Тұрғын үй шаруашылығы	11352
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9207
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	9207
			013 Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен	
			015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	9207
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2145
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру	2145
			011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	2145
02			Коммуналдық шаруашылық	16243
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	200



		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	200
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13793
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	13793
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2250
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	0
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	2250
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	2250
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	0
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
		006	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	0
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
03			Елді мекендерді көркейту	35577
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	19257
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	6656
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6342
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	95
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6164
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16320
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2520
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6630

		017	Жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	300
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	6870
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	165491
	01		Мәдениет саласындағы қызмет	75890
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	75890
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	75890
	02		Спорт	11148
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	10198
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	975
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1643
		007	Әр түрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7580
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	950
		008	Спорт объектілерін дамыту	950
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	950
		472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0
		008	Спорт объектілерін дамыту	0
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	0
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
	03		Ақпараттық кеңістік	27992
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	18847
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	17938
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	909
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9145
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7264
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	1881

09				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	50461
	455			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	27005
		001		Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7305
		004		Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	19700
			027	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	13127
			028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
			029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	6573
		011		Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	
	456			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	18845
		001		Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16766
		003		Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	2079
		007		Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0
	465			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	4611
		001		Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4371
		008		Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	240
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	167900,3
	01			Ауыл шаруашылығы	15585,3
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	3429,3

		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	3429,3
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық бөлімі	0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	0
		007	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	12156
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9660
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	982
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1514
06			Жер қатынастары	6857
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынасы бөлімі	6857
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6719
		008	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	138
09			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	145458
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	47343
		019	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	47343
		027	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	31578
		028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	15765
		032	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет қаражаты есебінен	

	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	45998
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	45998
		027	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	30681
		028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	15317
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	52117
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	52117
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	10190
	02		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	10190
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	10190
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10076
		016	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	114
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0
		018	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0
		003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	0
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0

	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0
		016	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	0
12			Көлік және коммуникация	166580,1
	01		Автомобиль көлігі	69634,1
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	69634,1
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	69634,1
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	0
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	69634,1
	09		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	96946
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	96946
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	96000
		027	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	64032
		028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	
		029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	31968
		024	Кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	946
13			Басқалар	23730
	03		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	6603
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	6603
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6087

		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	396
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	120
09			Басқалар	17127
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1500
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1500
		100	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві	500
		101	Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1000
		102	Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15627
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15477
		014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
15			Трансферттер	90906,8
	01		Трансферттер	90906,8
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	90906,8
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	0,8

		020	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	78821
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғары тұрған деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	12085
III.			Таза бюджеттік кредит беру	9260
			Бюджеттік кредиттер	9260
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	9260
	01		Ауыл шаруашылығы	9260
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	9260
		006	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	9260
	05		Бюджеттік кредиттерді өтеу	222
		01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	222
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	222
		13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	222
IV.			Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	5000
			Қаржы активтерін сатып алу	5000
13			Басқалар	5000
	09		Басқалар	5000
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	5000
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	5000
V.			Бюджет (профицит) тапшылығы	6578,9
VI.			Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру	-6578,9
	7		Қарыздар түсімі	9260
		01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	9260



		2	Қарыз алу келісім - шарттары	9260
		03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	9260
16			Қарыздарды өтеу	222
	1		Қарыздарды өтеу	222
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	222
		008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	222

**"Жарма ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"**

*ММ-нің бастығы*

*Н. Сейтказина*

Жарма аудандық мәслихатының  
2009 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 17/2-IV шешіміне 2 қосымша

**2011 жылға арналған аудандық бюджет**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Жарма аудандық мәслихатының 2010.10.29 № 24/192-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Санаты					С о м а (мың теңге)
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
			Атауы		
			КІРІСТЕР		2645864
1			Салықтық түсімдер		719562
	01		Табыс салығы		272838
		2	Жеке табыс салығы		272838
		01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы		250400
		02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы		16500
		03	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы		1450

		04	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	4488
03			Әлеуметтік салық	240404
	01		Әлеуметтік салық	240404
		01	Әлеуметтік салық	240404
04			Меншікке салынатын салықтар	177622
	1		Мүлікке салынатын салықтар	121477
		01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	119500
		02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	1977
	3		Жер салығы	26045
		02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	3500
		03	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерге салынатын жер салығы	3895
		07	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	50
		08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	18600
	4		Көлік құралдарына салынатын салық	27500
		01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	4300
		02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	23200
	5		Бірыңғай жер салығы	2600
		01	Бірыңғай жер салығы	2600
05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	24195
	2		Акциздер	2650
		90	Өндірушілер көтерме саудада сататын өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)	
		91	Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін дизель отыны	
		92	Өндірушілер бөлшек саудада өткізетін өз өндірісінің (авиациялықты қоспағанда), сондай-ақ өз өндірістің мұқтаждарына пайдаланылатын бензин	
		96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	2200

		97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	450
	3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	17400
		15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	17400
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3835
		01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	420
		02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	1430
		03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	90
		05	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемең немесе жасалып жатқан кемеңнің ипотекасы үшін алынатын алым	270
		14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	320
		18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	1120
		20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	185
	5		Ойын бизнесіне салық	310
		02	Тіркелген салық	310
07			Басқа да салықтар	0
	1		Басқа да салықтар	0
		10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	0
08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4503
	1		Мемлекеттік баж	4503
		02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару	2230

			парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	
		04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	1560
		05	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	60
		06	Шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін мемлекеттік баж	40
		07	Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	0
		08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін мемлекеттік баж	400
		09	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін мемлекеттік баж	
		10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	23

		12	Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	75
		21	Тракторшы-машинисттің куәлігі берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	115
2			Салықтық емес түсімдер	1649
	01		Мемлекет меншіктен түсетін кірістер	1229
